Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық!

Оңтүстік Қазақстан

TÚRKİSTAN

облыстық қоғамдық-саяси газет

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

WWW.OKG.KZ ● okgazeti@gmail.com

№16 (21786) ЖҰМА, 27 ақпан, 2026 жыл

Ақорда

«Мемлекет спорттың дамуына қолайлы жағдай жасайды»

Ақорда резиденциясында XXV қысқы Олимпиада ойындарының жеңімпазы Михаил Шайдоров пен оның жаттықтырушыларын марапаттау рәсімі өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінде Қазақстан үшін бұл Олимпиаданың орны ерекше екенін айтты. Сондай-ақ, Михаил Шайдоровтың жеңісі еліміз үшін теңдесі жоқ жетістік саналатынына назар аударды. Олимпиада чемпионының әкесі әрі алғашқы бапкері Станислав Шайдоровтың, қазіргі бапкері, әйгілі спортшы Алексей Урмановтың еңбегіне де айрықша тоқталды.

Сондай-ақ, Президент мемлекет тарапынан бұқаралық және кәсіби спорттың дамуына қолайлы жағдай жасалатынын айтты. Бұл – мемлекеттік саясаттың басым бағыты.

– Олимпиададағы нәтиже әрқашан ел дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі саналған, алдағы уақытта да солай бола бермек. Қазақстан осы жарыстарға қатысқан спортшылардың саны жағынан 25-орынға табан тіреді. Біз алдына мақсат қойған әр еңбекқор жан өзінің қабілет-қарымын көрсете алатын, соның ішінде спортта көздеген биігіне жетуі үшін мол мүмкіндікке жол ашатын Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Адал бәсеке, меритократия, тәртіп пен жауапкершілік, бұл – үлкен спорттың да, кез келген қуатты мемлекеттің де діңгегі, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы екі жылдан кейін атлеттеріміз Лос-Анджелесте өтетін жазғы Олимпиада ойындарына қатысатынын еске салды. Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті, федерациялар құрама мүшелерін жан-жақты қолдау керектігін айтты.

Президент XXV қысқы Олимпиада ойындарындағы жетістіктері үшін Михаил Шайдоровты II дәрежелі «Барыс» орденімен, бапкері, жаттықтырушы-кеңесші Алексей Урмановты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. Қазақстан Республикасының мәнерлеп сырғанаудан ұлттық құрама командасының бас жаттықтырушысы Әсем Қасановаға, мәнерлеп сырғанаудан жаттықтырушы Станислав Шайдоровқа, қазақстандық конькимен мәнерлеп сырғанау одағының президенті Бауыржан Ералыға «Құрмет» ордені табысталды.

Үкімет

Су тұтыну лимиттері бекітілді

Су ресурстары және ирригация министрлігі алдағы вегетациялық кезеңге дайындықтың кешенді жоспарын ұсынды. Үкімет отырысында оңтүстік өңірлердегі дақандардың мұқтаждықтарын қамтамасыз ету, басқарудың цифрлық құралдарын енгізу және ирригациялық жүйелерді жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы Нұржан Нұржігітов баяндады.

Ведомство басшысының сөзінше, биыл Сырдария және Талас өзендерінің бассейндерінде су мөлшері көпжылдық нормадан төмен болады деп күтілуде. Бұл жағдай өткен жылғы құрғақшылық салдарынан болып отыр.

Атап айтқанда, Тоқтағұл су қоймасының көлемі 7610 млн. текше метрді құрайды, бұл өткен жылдың деңгейінен 1,5 млрд. текше метрге төмен. Энергия тапшылығы жағдайында су қоймасы күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Бұл Түркістан облысының Мақтаарал және Жетісай аудандарының қажеттіліктері үшін мемлекетаралық «Достық» каналы арқылы су жеткізуге кері әсерін тигізуі мүмкін.

«Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, облыс әкімдіктеріне су алу лимиттерін қатаң сақтау, оның ішінде күріш егісі бойынша белгіленген лимиттерді ескеру орынды деп санаймыз: Түркістан облысында – «Достық» каналы бойында күріш егуді толықтай тоқтату, Қызылқұм каналы бойында күріш алқабын 3,5 мың гектардан асырмау қажет. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Шардара су қоймасы жинақтау режиміне ауыстырылды. Су беру режимдері келісілген деңгейде сақталған жағдайда су қоймасына кемінде 8,3 млрд. текше метр су келеді деп күтілуде. Бұл Шардара су қоймасын шамамен 5 млрд. текше метр көлемінде толтыруға, Көксарай контрреттегішін 2 млрд. текше метр көлемге дейін су жинақтауға және Қызылорда облысына шамамен 1,3 млрд. текше метр су жеткізуге мүмкіндік береді» деді Нұржан Нұржігітов.

18 ақпандағы жағдай бойынша оңтүстік өңірлердегі су қоймаларында 23,4 млрд. текше метр су жиналды, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 759 млн. текше метрге аз.

Айта кетейік, биыл Түркістан облысы үшін 3,8 млрд. текше метр көлемінде су пайдалану лимиті белгіленген.

Көктемгі дала жұмыстары

Ертеңгі ризық негізі бүгін қаланады

Биыл облыста ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 8 мың гектарға ұлғайып, 919 мың гектарға жеткізілмек. Оның 536 мың гектарына жаздық дақылдар, 208 мың гектарына күздік дақылдар егіледі, 175 мың гектары ескі жоңышқаға тиесілі.

Көктемгі дала жұмыстарының барысы облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен мәжілісте кеңінен талқыланды. Өңір басшысы жауапты басқарма басшысы мен аудан, қала әкімдеріне дала жұмыстарын сапалы өткізуді тапсырып, кез келген мәселе бақылауда болатынын айтты.

– Ауыл шаруашылығы саласы бойынша бекітілген индикаторлар уақтылы әрі сапалы орындалуы тиіс. Жұмыс жоспары бар, мемлекеттік қолдау бар, енді тірлікті тиянақты атқару керек. Дақандарға берілетін жеңілдіктер мен қолдауларды түсіндіріп, тиісті жұмысты жүргізіңіздер. Қаржы институттары дала жұмыстарына бөлінген қаражатты талапқа сай үйлестіріп, шаруаларды қолдауы керек. Сор шаю жұмыстары уақтылы атқарылсын. Су үнемдеу технологиясын ендіру жұмыстарын жоспарға сәйкес мерзімінде жүргізуді тапсырамын, – деді Нұралхан Оралбайұлы.

(Соңы 2-бетте).

Референдум

ТМД-дан 100-ге жуық байқаушы келеді

KAZINFORM. 15 наурызда өтетін референдумды ТМД-дан 100-ге жуық байқаушы қадағалайды. Бұл туралы ТМД Байқаушылар миссиясы штабының жетекшісі Евгений Козяк айтты.

– Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровпен кездесіп, халықаралық байқаушылар ретінде аккредитациямызды алдық. Миссиямыз Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы бойынша республикалық референдумның өтуін мониторингілеуге ресми түрде кіріскенін мәлімдей аламын. Біз мұнда алғаш рет келіп отырған жоқпыз. Бұл – Қазақстан Республикасына 19-шы сапарымыз. Жалпы алғанда, бұл 2001 жылдан, яғни Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет басшылары кеңесінің шешімімен ТМД кеңістігінде сайлау науқандарын мониторингілеуді алғаш бастаған уақыттан бергі 133-ші миссиямыз болмақ. Миссиямыздың құрамында шамамен жүзге жуық халықаралық байқаушы аккредитациядан өтеді деді ол.

Оның айтуынша, миссия құрамын жасақтау жұмысы басталды. Миссия елімізде ұзақ мерзімді байқаушы ретінде болады әрі штабпәтері Астанада орналасады. Ал, референдум өтетін күнге таман қысқа мерзімді байқаушылар келеді.

– Миссияны ТМД Бас хатшысының бірінші орынбасары Игорь Петришенко басқарады. Ол референдум күніне таяу уақытта келеді. Оның кандидатурасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жарғылық және басқа да органдары жанындағы тұрақты өкілетті өкілдер кеңесінде келісілді, – деді Евгений Козяк.

Мезгіл мәселесі

«Он бес күн Құдайдікі, он бес күн кедейдікі»

Мұсылман жұрты үшін жыл басы болып есептелетін берекелі де мерекелі наурыз айы да есіктен енгелі тұр. Ата-бабаларымыздың «Он бес күн Құдайдікі, он бес күн кедейдікі» дейтіні осы ай. Олар осы арқылы айдың алғашқы жартысында күн райы аумалы-төкпелі болып, қалған жартысында күн жылынып, қыстан қысылып шыққан кедейге кеңшілік болатынын меңзесе керек.

Дәулет ТҰРСЫНҰЛЫ, «Оңтүстік Қазақстан».

Бұл айда күн мен түн теңесіп, көктемнің қар ерітер «Алтын күрек» желі соғады. Айдың соңына қарай жылы жаққа ұшып кеткен жыл құстары қайта оралады. Сол кезде қар аралас жаңбыр жауып, суық жел соғады. Халқымыз табиғаттың бұл құбылысын «Құс қанаты» деп атаған. Бұл айда кенеттен күн суытып, «Бесқонақ» амалы да көрініс береді.

Халқымыздың көктемнің алғашқы айына жасаған болжамы осындай. Ал, «Қазгидрометтің» облыстық филиалы ұсынған мәліметтер не дейді? Олардың айтуынша, айдың алғашқы онкүндігінде күн жылынып, ауа температурасы +15 градусқа дейін көтеріледі. Алайда, күннің кенеттен күрт суытуы мүмкін екенін де жоққа шығаруға болмайды. Айталық, облыстың солтүстік аудандарында +6 градустан -5-10 градусқа, күндіз +10+15 градустан +5 градусқа дейін, ал, солтүстік және таулы аудандарда түнде -7 градустан -15 градусқа дейін, күндіз +5 градустан -5 градусқа дейін төмендеуі мүмкін.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде +8+13 градусқа дейін, күндіз +20+25 градусқа дейін жылынады. Облыстың оңтүстігінде +30 градус, солтүстік және таулы аудандарда түнде +3 градусқа, күндіз +15 градусқа дейін біртіндеп жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте облыстың басым бөлігінде жылы ауа райы сақталады. Ауа температурасы түнде +8+13 градустан +5 градусқа дейін төмендесе, оңтүстік аудандарда +30 градустан +10+15 градусқа дейін, солтүстік және таулы аудандарда түнде +3 градустан -3 градусқа дейін, күндіз +15 градустан +5 градусқа дейін біртіндеп төмендеуі мүмкін. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде +5+10 градусқа дейін, күндіз +15+20 градусқа дейін, облыстың таулы аудандарында күндіз +10 градусқа дейін жоғарылауы ықтимал.

Бұл айда жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп түседі. Алғашқы онкүндіктің ортасы мен соңында жаңбырдың соңы жылбысқы қарға ұласса, екінші онкүндіктің соңы мен үшінші онкүндіктің басында жаңбыр жауады. Бірінші онкүндіктің басы мен соңында және үшінші онкүндіктің басы мен ортасында қалың тұман түсуі мүмкін. Сондай-ақ, осы уақыттарда секундына 15-20 метр жылдамдықта жел соғуы ықтимал.

Жалпы, синоптиктер бұл айда күн райы құбылмалы болады деп болжам жасап отыр.